

## Қазақстан Республикасы халқы тұрмысының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 2692. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Еліміздің халқын мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерінің орташа жылдық есеппен нақты жалақысын 1996 жылдың ішінде арттыру жүзеге асырылады.

2. Орташа жылдық есеппен алынған зейнетақылар мен жәрдемақылар мынадай мөлшерде арттырылсын:

зейнетақылар - кемінде 1,7 есе;  
жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақылар - кемінде 1,5 есе;  
басқа да жәрдемақылар - кемінде 1,6 есе.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері:

1996 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде осы мақсатқа қажетті қаржы бөлуді көздейтін болсын;

халықтың әл-ауқаты мен жіктеріне нақты бағыттарға әлеуметтік көмектің тиімділігін арттырсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1996 жылдың 1 қаңтарына дейін:

халқының орташа жылдық мөлшерін кезең-кезеңімен екі есе арттыру принципі басшылыққа алынып, Бірыңғай тариф жүйесіне сәйкес мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін әзірлеп, бекітсін;

мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың құрылымын оңтайлы ету, штаттарын ретке келтіру, үнем тәртібін қайталау, оларды ұстау және қызметінің нормалары мен шарттарын жетілдіру жүргізілсін;

1966 жылдың 1 ақпанына дейін:

зейнетақылардың мөлшерін арттыру мақсатында мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз етуді реформалау жөнінде ұсыныстар енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК